

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## күзгі ағаш

ЖАРИЯЛАНДЫ  
12.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/82922/>

Күзгі ағаш

Берікова Жазира

**Білім дағдысы: «Коммуникация», «Шығармашылық»****Білім бөлімі: көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, аппликация, мүсіндеу, сурет, музыка****Тақырыбы: «Күзгі ағаш»****Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінігін кеңейтуге, ерекшелігін түсіндіре отырып, тілін дамытуға, күздегі табиғат сұлулығына назар аударту. Балаларды күз кереметімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін құрметтеу, олардың еңбегінің нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.****Көрнекілігі: Ән таспа, Қоян, күз мезгілі, көкөністер мен жемістер суреттері, бейне баян****Әдіс-тәсілдері: Көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру**

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
------------------	---------------------	--------------------

<p>Мотивациялық қозғаушы</p>	<p>-Балалар бүгін бізде ерекше күй, өйткені қонаққа апайлар келіп отыр. Қәне, барлығымыз орнымыздан тұрып, шаттық шеңберін орындайық. Шаттық шеңбері Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз. Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз. Сәлем! Сәлем! Сәлем! -Саламатсыздар ма, апайлар!</p>	<p>Балалар шаттық шеңберін орындайды.</p>
<p>Үйымдастырушы ізденуші</p>	<p>-Ал бүгін бізде шығармашылық білім дағдысы бойынша, мүсіндеу, аппликация, сурет кіріктірілген оқу қызметтері. Тақырыбымыз: «Күзгі ағаш» деп аталады. Жаңа оқу қызметімізді бастамас бұрын өткен оқу қызметімізді қайталап көрейікші. -Өткен оқу қызметімізде біз қандай тақырыпта жұмыс жасадық?  -Жарайсыңдар балалар, өте тамаша! Ал енді жаңа оқу қызметімізді бастайық. -Балалар, иен сендерге ән тыңдауды ұсынамын, сендер мұқият тыңдап көріңдерші? Ән: «Алтын күз» -Бұл әнде не туралы айтылған және осы әуенді тыңдай отырып сендер көз алдарыңа нені елестеттіңдер?  -Ал, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? -Мына суреттен сендер нені көріп тұрсыңдар? -Неіктен оны күз мезгілі деп атауға болады? -Күз мезгілі екендігін қалай ажыраттыңдар?  -Неіктен күз мезгілінде ағаштар жапырақтарынан айырылады?  -Қазір жапырақтар ағаштарың басында ма, әлде жерде көп пе? -Ал күзде басқа қандай өзгерістер болады? -Неіктен?  -Адамдар күзде қандай әрекет жасайды?  -Жабайы жануарлар күз мезгілінде не істейді?</p>	<p>-Саламатсыңдар ма, балалар!  -Тоғайдағы торғай.  -Алтын күз мезгілі жайлы, бақшадағы өнімдер жайлы айтылған. -Қазір жылдың күз мезгілі. -Қыркүйек, қазан, қараша. -Күз мезгілі? -Күн салқындайды, адамдар жылы киіне бастайды, жапырақтар сарғайып түседі, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, күн қысқарып, түн ұзарады, жаңбыр жауады.  -Өйткені олар қысқа дайындалады. -Жерде көп. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. -Өйткені олар суыққа төзе алмайды және жейтін азықтары азаяды. -Адамдар егіндерін, бау-бақшадағы жеміс, көкөністерін жинайды. -Тиген мен кірпі саңырауқұлақтар келтіріп, жаңғақ жинайды, ал аю болса тамаққа тойып алып қыста ұйықтайтын апанын реттейді.  -Саламатсың ба, қоян!</p>
<p>Жетекші жәндеуші</p>	<p>Ғажайып сәт: (Топқа қоян қонаққа келеді) Қоян: -Сәлеметсіңдер ме балалар? -Балалар мен жолда келе жатып «Бағбан атайды» көрдім. Бақшасынан сәбіз ұрлап алайын десем, маған сәбіз бермей қойды. Маған көөө-ө-п тапсырмалар берді. Соны орындасаң ғана, сәбіз беремін дейді. Ал, «Бағбан атай» берген тапсырмаларды орындайын десем, нишан жетпейді (басын бір урады), сендер маған көмектесесіңдер ме? 1-тапсырма: «Күз мезгілі» жайлы тапқақтар -Ал сендер күз мезгілі жайлы тапқақтар білесіңдер ме?  -Жарайсыңдар балалар! 2-тапсырма: Тіл ұстарту жаттығуын жасау -Олай болса күз мезгіліне байланысты тіл ұстарту жаттығуымызды орындап алайық. Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. 3-тапсырма: -Балалар осы күз мезгіліне байланысты нақал-әтелдер білесіңдер ме?  Сергіту сөті:(бейне баян)  4-тапсырма: Дидактикалық ойын: «Орнын тап» Шарты: Бақшаға-көкөністерді, бауға-жемістерді орналастырады.  5-тапсырма: -Күзгі ағаштарды мүсіндеу, суретін салу, жапсыру әдісін пайдалану Ең алдымен жұмыс жасанас бұрын қауіпсіздік ережесін сақтауды еске түсірейік.  -Жарайсыңдар, балалар! Қоян: -Балалар сендер өте ақылды өкілсіңдер, өңді «Бағбан атай» маған көөө-ө-п сәбіз беретін болды. Сендерге рахмет! -Балалар, біз қандай оқу қызметін өттік? -Оқу қызметі сендерге ұнады ма? -Бізге қонаққа кім келді? -Қандай жұмыс жасадық? Балаларды нақтау, надақтау.</p>	<p>-Көктемде жерге түскен бір дән, күзде мың дән. -Егіндікті күз суар, күз суарсаң жүз суар. -Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен.  Балалар жұмыс жасайды.  Балалар жауабы тыңдалады.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** шығармашылықты қабылдай біледі.

**Түсінеді:** Ойлау қабілеттері, сөздік қорлары, танымдық белсенділігі артады.

**Қолданады:** Сұрақтарға толық жауап бере отырып, шығармашылық жұмыс жасайды.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.